


БЕКІТІЛДІ:
«Almaty Finance» ЖШС (Алматы қаржы)
Қадағалау Кеңесімен
«16 » 05 2022 ж.
хаттама № «4 »



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ
«ALMATY FINANCE» ЖШС (АЛМАТАЫ ҚАРЖЫ)

Алматы қ. 2022 жыл

МАЗМУНЫ

Тарау 1. Жалпы ережелер	3
Тарау 2. Қолданылу аясы	3
Тарау 3. Терминдер мен анықтамалар.....	3
Тарау 4. Саясаттың мақсаты мен міндеттері	4
Тарау 5. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары.....	4
Тарау 6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары	5
Тарау 7. Мұдделер қақтығысының алдын алу және шешу тәртібі.....	5
Тарау 8. Серікtestіk қызметкерлерінің жемқорлықтың алдын алу мақсатында лауазымдық міндеттемелерін орындау бойынша мінездүлек (іс-әрекет) ережелері.....	6
Тарау 9. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік	9

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «Almaty Finance» (Алматы қаржы) ЖШС-нің (бұдан әрі – Серіктестік) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және Серіктестіктің ішкі күжаттарына сәйкес әзірленген.

1.2. Серіктестіктің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты (бұдан әрі – Саясат) мыналарды белгілейді:

- 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаттары мен міндеттері;
- 2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары;

3) Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау бойынша міндеттемелер;

4) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар кешені;

- 5) осы Саясаттың орындалуына жауапкершілік.

1.3. Осы Саясаттың негізгі мақсаты сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, шектеу және жою жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу және енгізу, Серіктестікте Серіктестікте Саясат субъектілеріне төзбеушілікпен сипатталатын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін, Серіктестіктің және оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жоғары мінез-құлық стандарттарына бейілділігін қалыптастыру, іскерлік беделді нығайту және Серіктестікке деген сенімді арттыру болып табылады.

2. ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

2.1. Бұл Саясатпен Серіктестіктің барлық қызметкерлері танысуы қажет және ережелерін қатаң сақтауы міндетті.

2.2. Осы Саясат Серіктестіктің ресми сайтында жариялануы тиіс.

3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы – «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзге де нормативтік құқықтық актілер;

Сыйбайлас жемқорлық – Серіктестік қызметкерлерінің өздерінің немесе үшінші тұлғаларға мұліктік (мұліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар қабылдау немесе алу мақсатында бұл тұлғаларға женілдіктер мен артықшылықтар беру арқылы өзінің қызметтік (лауазымдық) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерді заңсыз пайдалануы;

Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – сыйбайлас жемқорлық белгілері бар, заңмен әкімшілік және қылмыстық жауаптылық белгіленген заңсыз кінәлі іс (әрекет немесе әрекетсіздік);

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Серіктестіктің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашу және тергеу және олардың салдарын жою қызметі;

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – профилактикалық іс-шаралар жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі Серіктестіктің қызметі;

Мұдделер қақтығысы - қызметкердің жеке мұддесі шешім қабылдау процесіне әсер етуі және осылайша Серіктестікке зиян келтіруі мүмкін жағдай;

Қызметкерлер – Серіктестікпен еңбек қатынастары бар жеке тұлғалар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектісінің болімшелерінің біріне жүктелген тиісті ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету функциясы. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына және квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі құжаттарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды сақтауды жүзеге асыратын сыбайлас жемқорлықты сақтау қызметінің құрылымдық болімшелері айқындалады (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі).

Осы Саясатта пайдаланылған, бірақ мағынасы ашылмаған анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және Серіктестіктің басқа да ішкі құжаттарында колданылатын анықтамаларға сәйкес келеді.

4. САЯСАТТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын және Қызметкерлердің міндеттерін орындау барысында адалдық пен қиянатқа бармау қағидаттарын қамтамасыз ететін Серіктестік қызметкерлерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру Саясаттың негізгі мақсаты болып табылады.

4.2. Осы Саясаттың міндеттері:

- 1) сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды жою;
- 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу;
- 3) Серіктестік Қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, сондай-ақ Серіктестік қызметін реттейтін ішкі тәртіп ережелерін мұлтіксіз орындауға тәрбиелеу;
- 4) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;
- 5) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін тиімді жүзеге асыру.

5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

5.1. Серіктестікте сыйайлас жемқорлықтың алдын алу келесі негізгі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

1) Серіктестік Қызметкерлерінің сыйайлас жемқорлық мінез-құлқына төзбеушілікті келесі әдістермен дамыту арқылы:

– Қызметкерлерге сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де актілерінің нормаларын түсіндіру;

– Серіктестік және басқа да мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор ұйымдарындағы сыйайлас жемқорлықтың анықталған фактілері туралы Серіктестік Қызметкерлерінің назарына жеткізу;

– Серіктестік қызметкерлерімен түсіндірме әнгіме жүргізу.

2) Серіктестік Қызметкерлеріне, оның ішінде, бос лауазымға үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптарын ұсыну;

3) Қызметкерді жоғары лауазымға тағайындау немесе көтермеленеу кезінде оның қызметтік міндеттерін ұзак мерзімді, мінсіз және тиімді орындалғанын ескеру тиістілігі туралы кадрлық жұмыс тәжірибесіне ережені енгізу;

4) Серіктестік Қызметкерлерінің, сондай-ақ үшінші тұлғалардың сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен басқа да заңсыз әрекеттерге қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы хабарлау құқығын қамтамасыз ету.

6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

6.1. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы Серіктестік қызметінің негізгі бағыттары:

– сыйайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласында Серіктестіктің бірыңғай саясатын жүргізу;

– сыйайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, басқа ұйымдармен, сондай-ақ азаматтармен және азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл механизмін құру;

– серіктестік қызметкерлерін сыйайлас жемқорлыққа қарсы қызметтерге белсендірек қатысуына тартуға, олардың санасында сыйайлас жемқорлық мінез-құлқына теріс көзқарасты қалыптастыруға бағытталған әкімшілік және басқа да шаралар қабылдау;

– қызметтерді көрсетуде адалдықты, ашықтықты, адал бәсекелестікті және шындықты қамтамасыз ету.

6.2. Серіктестік Қызметкерлері Серіктестіктің басқа Қызметкерін, сондай-ақ үшінші тұлғаны сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермеленеу фактілері анықталған және/немесе Серіктестік Қызметкерін сыйайлас жемқорлыққа итермеленуге қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы ақпарат болған жағдайда, бұл туралы Серіктестік басшылығына және Серіктестіктің сыйайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметіне дереу хабарлауға міндетті.

6.3. Мұндай әрекеттер туралы арыздар тергеліп, қисынды қорытынды шығарылады, қажет болған жағдайда жауапкершілікке тартылады және уәкілетті мемлекеттік органдарға хабарланады.

7. МУДЕЛЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫНЫң АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ РЕТТЕУ ТӘРТІБІ

7.1. Қаржыландыру процесіне қатысатын серіктестік қызметкерлері Қызметкердің Серіктестік алдындағы міндеттемелеріне қайшы келетін мүддесі болса немесе Серіктестік үшін өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде осы Қызметкердің бейтарап көзқарасына теріс әсер ететін болса, ықтимал мүдделер қақтығысынан қашуы керек.

7.2. Егер Өтініш беруші Серіктестіктің тиісті бөлімшесі Қызметкерінің туысы (жұбайы, тікелей жақын немесе алыс туысы, сондай-ақ аға-інісі) болса немесе аталған Қызметкердің жобаны қаржыландыруға қаржылық мүддесі болған жағдайда, Қызметкер осы туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне және озінің тікелей басшысына хабарлауға міндетті. Басшы осы жобаны қарауды тоқтатуға бастама жасауы керек.

7.3. Егер Өтініш беруші Серіктестіктің уәкілетті органы (бұдан әрі – УО) мүшелерінің бірінің туысы (зайыбы, тікелей жақын немесе алыс туысы, сондай-ақ аға-інісі) болса немесе қаржыландыруға қаржылық мүддесі болған жағдайда қаржыландыру мәселесін қарайтын УО бұл туралы тиісті УО-ның басқа мүшелерін және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес комплаенс-қызметін хабардар етуге міндетті. Бұл жағдайда да жобаны қарау тоқтатылуы керек.

7.4. Серіктестік Басқармасының мүшелері «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Занының 55-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген шектеулерді қатаң сақтауға міндетті.

8. СЕРИКТЕСТИК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖЕМҚОРЛЫҚТЫң АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН ОРЫНДАУ БОЙЫНША МИНЕЗ-ҚҰЛЫҚ (ІС-ӘРЕКЕТ) ЕРЕЖЕЛЕРІ

8.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен қамтылған салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде Серіктестік Қызметкерлері мыналарға міндетті:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, Басқарма Төрағасының бүйрықтарын, Басқарманың, Қадағалау кеңесінің және Қатысушының шешімдерін, сондай-ақ, Серіктестік Жарғысын басшылыққа алады;

2) Қазақстан халқының бірлігін және елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға үлес қосу, мемлекеттік және басқа тілдерді, Қазақстан халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құрметтеуге;

3) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;

4) өз іс-әрекетімен, мінез-құлқымен қоғам тарапынан сын тудырмау, сын үшін қудалауға жол бермеу, сындарлы сынды кемшіліктерді жою және қызметін жақсарту үшін пайдалану;

5) үйымның және басқа адамдардың жеке мәселелерін шешу кезінде қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбау;

6) шындыққа жана спайтын ақпаратты таратпау;

7) заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылыштарды және басқа да құқық бұзушылықтарды жасауға жол бермеуге;

8) Серіктестікте еңбек заңнамасының сақталуын, еңбек тәртібі мен жағдайларының сақталуын қамтамасыз ету.

8.2. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және басқа шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде Серіктестік Қызметкерлері мыналарға міндетті:

1) тікелей немесе аға басшыға және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне мұдделер қақтығысының, қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі жеке мұдделердің, сыбайлас жемқорлық мінез-құлышқа бейімділігінің және сыйлық алудың туындауы туралы хабарлауға;

2) үйымның және басқа адамдардың жеке мәселелерін шешу кезінде қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

3) әріптеріне, басшыларға және басқа Қызметкерлерге сыйлық бермеуге және қызметтік өкілеттіктерді пайдалану арқылы мүліктік пайда, жеңілдіктер немесе артықшылықтар алу үшін бейресми қызмет көрсетпеуге;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы құресте және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың бетін ашуда белсенділік таныту;

5) басшылыққа және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері, сондай-ақ материалдарды жедел қарау немесе қағазбастылық үшін қандай да бір пайда алуға итермелей туралы хабарлау;

6) орындауға келіп түскен өкімнің заңдылығына күмәнданатындығы туралы тікелей басшыға жазбаша хабарлауға;

7) егер тікелей басшының өзі мұдделер қақтығысына қатысты болса, жоғары басшылыққа және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне хабарлау;

8) кіріс алу мақсатымен кез-келген адамға кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда көмектесуден аулақ болуға;

9) Мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу мақсатында таратуға болмайтын қызметтік немесе басқа ақпаратты пайдаланбау.

8.3. Серіктестік қызметтерін және басқа да функцияларын ұсынған кезде Серіктестік Қызметкерлері мыналарға міндетті:

1) қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдау;

2) пайдаланушыларға қызметтерді көрсету тәртібі туралы толық және сенімді ақпаратты қолжетімді түрде ұсыну;

3) көзделмеген құжаттарды сұратуға жол бермеу, сондай-ақ қызмет көрсету және өзге де функцияларды ұсыну кезінде қағазбастылықтың (бюрократиялық) барлық түрлерін болдырмау;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелес болған жағдайда басшылыққа және Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне хабарлау;

5) қызметтер көрсету процесін үдайы жетілдіруді, қызметтерді көрсетудегі үнемділік пен тиімділікті қамтамасыз ету.

8.4. Серіктестіктің қажеттіліктері үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Серіктестік қызметкерлері мыналарға міндетті:

1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсауға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беруге;

3) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;

4) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу;

8.5. Серіктестікте кадрлық жұмысты үйымдастыру кезінде Серіктестік қызметкерлері мыналарға міндетті:

1) Серіктестікке жаңа Қызметкерді қабылдаған кезде оған Серіктестік Қызметкерлеріне жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;

2) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;

3) Серіктестік қызметкерлерінің дербес деректері туралы ақпараттың негізсіз берілуіне жол бермеу;

4) жұмысқа үміткерлерден еңбек шартын жасасуға қатысы жоқ құжаттарды талап етпеуге;

5) Серіктестік Қызметкерлеріне қатысты қызметтік тергеулерді объективті және жан-жақты жүргізу.

8.6. Серіктестік қызметінде туындастын өзге де қатынастар жағдайында Серіктестік қызметкерлері міндетті:

1) қарамағындағы Қызметкерлердің міндеттері мен лауазымдық өкілеттіктерінің көлемін нақты және айқын анықтау;

2) қарамағындағы Қызметкерлер арасында жұмыс жүктемесінің біркелкі болінбеуіне жол бермеу;

3) қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермелес болған жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік көрсетуге;

4) орындалуы мүмкін емес немесе олардың қызметтік міндеттерінің шегінен шығатын, сондай-ақ заңға қайшы келетін бүйректарды бермеуге;

5) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;

6) қарамағындағы қызметкерлерді сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;

7) қызметтік міндеттерін орындау кезінде әріптестер арасында туындастын мүдделер қақтығысын шешу бойынша кешенді шараларды уақтылы қабылдау;

8) Серіктестік мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге, оның ішінде көлік құралдарын қызметтік мақсаттарда ұтымды және тиімді пайдалану.

9. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

9.1. Серіктестік Қызметкерлері сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

«Almaty Finance» ЖШС (Алматы қаржы)
Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатпен танысу парағы